



INTERNATIONAL SCHOOL
OF ECONOMICS KAZGUU

Емтихандарды әзірлеу және өткізу жөніндегі нұсқаулық

ХЭМ Академиялық сапа комитетінің 16/01/25 күнгі №5 шешімімен бекітілген

Қосымша 1

Пән атауы

Тегі _____

Аты _____

Емтихан ұзақтығы:

Емтихан құрамы:

А бөлімі – N сұрақ (әрқайсысы N%, жалпы N%) N минут

В бөлімі – N сұрақ (әрқайсысы N%, жалпы N%) N минут

N минут

Сіз емтихан парағында жазбалар мен есептеулер жүргізе аласыз.

Төмендегі емтихан ережелерімен танысыңыз. Осы ережелердің кез келгенін бұзу көшіру (алдау) ретінде қарастырылады және сіз бұл емтихан үшін F бағасын аласыз.

1. Емтиханды жалғастыру арқылы сіз емтихан ережелерімен және оларды бұзудың салдарларымен келісесіз. Ережелерді бұзу тексерушінің шешімі бойынша нөлдік баға қоюға әкелуі мүмкін.
2. Студент емтиханды өз тобына белгіленген уақытта және аудиторияда тапсыруы тиіс.
3. Емтихан аяқталуына соңғы 10 минут қалғанда, жұмысыңызды аяқтасаңыз да, басқа студенттерге кедергі келтірмеу үшін орныңызда отыруыңыз қажет.
4. Аудиториядан рұқсатсыз шығуға болмайды.
5. Емтихан басталғаннан кейін емтихан басталғаннан кейін 10 минут өткен соң кіруге

болмайды.

6. Емтихан басталғаннан кейін аудиториядан шығуға, шығып кеткен студентке қайта кіруге болмайды. Бөгде адамдардың кіруіне және шығуына тыйым салынады.
7. Бақылаушылар аудиторияға кірер кезде немесе емтихан барысында кез келген уақытта жеке куәлікті талап етуге құқылы. Егер студенттің тұлғасы құжаттағы мәліметтерге сәйкес келмесе, екі тұлға да университеттен шығарылады.
8. Аудиторияға кірер алдында бақылаушылар сізден жеңіңізді түріп, сырт киімді шешуді (қажет болған жағдайда) сұрауы мүмкін. Сондай-ақ тексеру барысында алақаныңызды көрсету талап етілуі мүмкін.
9. Студенттер бақылаушылардың барлық нұсқауларын орындауы тиіс, оның ішінде алақанын көрсету, орнынан тұру немесе басқа орынға ауысу.
10. Барлық анықтамалық материалдар, кітаптар, қағаздар, журналдар аға бақылаушының үстеліне тапсырылуы тиіс. Егер басқаша көрсетілмесе, олар бақылаушы көрсеткен арнайы жерде сақталуы тиіс.
11. Студенттерге ұялы телефон, пейджер, құлаққап, смарт көзілдірік немесе кез келген басқа құрылғыларды алып жүруге тыйым салынады. Барлық электрондық құрылғылар бақылаушыларға тапсырылуы тиіс.
12. Студенттерге басқа студенттерден ештеңе (қалам, қарындаш, сөздік және т.б.) алуға тыйым салынады.
13. Рұқсат етілмеген құрылғылардың, жазбалардың немесе анықтамалық материалдардың болуы (соның ішінде калькулятордағы немесе сөздіктегі жазбалар) пайдаланылғанына қарамастан, көшірудің дәлелі ретінде қарастырылуы мүмкін.
14. Студенттер есептеулер үшін тек калькуляторларды қолдануы тиіс. Аудиторияға кірер алдында калькулятор жады толық тазартылуы қажет. Студенттер сөздіктерді қолдануға рұқсат етілгенін өздері алдын ала білуі тиіс. Бақылаушылар кез келген уақытта сөздіктерді тексеруге құқылы.
15. Аудиторияда тыныштық сақталуы тиіс. Музыка немесе теледидар сияқты кез келген дыбыстарға тыйым салынады.
16. Емтихан кезінде әдепсіз мінез-құлыққа жол берілмейді. Темекі шегуге тыйым салынады. Тамақ жеуге болмайды. Тек су ішуге және қажет болған жағдайда дәрі қабылдауға рұқсат етіледі.
17. Бақылаушыдан басқа адамдармен сөйлесуге тыйым салынады. Басқа студенттерге жауап беру немесе олардан жауап алу бірдей құқық бұзушылық болып саналады.
18. Басқаларға көмектескен студенттер тәртіптік жазаға тартылады. Кез келген көшіру нөлдік бағаға әкеледі.
19. Емтихан тапсырмаларын, сондай-ақ емтиханда қамтылған немесе қамтылмаған

тақырыптар мен формулаларды басқа студенттерге, соның ішінде әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде жариялауға тыйым салынады.

20. Өткізіп алған емтихандарды қайта тапсыру тек MNU Академиялық саясатына және басқа нормативтік құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады.
21. Емтихан уақыты аяқталғаны туралы хабарланғаннан кейін немесе «қаламдарды қойыңыз» деген бұйрықтан кейін жазуды жалғастырған студенттер ережені бұзған және көшіру жасаған болып есептеледі.
22. Компьютерлік емтихан жағдайында студенттер емтихан басталғанға дейін браузер тарихын, кэш пен cookie файлдарын тазалауы тиіс.
23. Емтихан платформасына (мысалы, Canvas) кіру үшін тек бір браузер қолдануға рұқсат етіледі. Қосымша вкладкалар, браузерлер немесе қосымшалар ашуға тыйым салынады (егер оқытушы рұқсат етпесе).
24. ChatGPT сияқты ЖИ құралдарын немесе басқа рұқсат етілмеген бағдарламаларды қолдануға қатаң тыйым салынады және бұл көшіру болып есептеледі (егер оқытушы рұқсат етпесе).
25. Студенттер бақылаушының талабы бойынша экранды немесе браузер тарихын тексеру үшін көрсетуге міндетті.

Мен емтихан ережелерімен таныстым және оларды бұзудың барлық салдары үшін толық жауапкершілікті өз мойныма қабылдаймын.

(қолы) _____

Қорытынды баға: